

**2024 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға
мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша
конкурс.**

"Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі" ММ Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығына сәйкес "мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, орта білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып " (бұдан әрі), 2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурс жариялайды.

Конкурстық рәсім 16 жұмыс күнін құрайды. Бұрын мемлекеттік тапсырыс орналастырылған мектепке дейінгі ұйымдар осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген өзектендірілген құжаттар ұсынылған жағдайда және осы Қағидаларда көзделген тәртіппен келесі күнтізбелік жылға арналған мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесіне енгізіледі.

14. Мектепке дейінгі ұйымдар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын алуға арналған конкурстық рәсімге қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) мектепке дейінгі ұйым басшысының қолымен және мөрмен расталған бейнебақылау камераларын, дабыл батырмасын және дауыстық хабарлауды орналастыру схемасы;
- 3) Санитариялық қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілерді (сыйымдылығы үш топқа дейін) медициналық қамтамасыз студі жүзеге асыруға арналған аумақтық алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымымен шарт;
- 4) педагогикалық немесе бейіндік білімі бар педагогтердің белгіленген үлгідегі білім туралы штат кестесі мен құжаттарының көшірмесі.
- 5) ғимаратты/ орынды жалдау шартының көшірмелері (бар болса).

2023 жылғы 29 қарашадан бастап (сағат 09-00.) 2023 жылғы 22 желтоқсанға дейін (18-30 сағат.) Конкурстық өтінімге кіретін құжаттар нөмірленуі, мектепке дейінгі ұйымның бірінші басшысы қол қоюы, мөрмен куәландырылуы және конкурсты ұйымдастырушының ресми қағаз түрінде білім бөліміне және электрондық форматта enbektoo@yandex.kz электрондық мекенжайына ұсынылуы тиіс.

Конкурсты өткізу күні 25 желтоқсан, сағат 11.00-де Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Біржан сал көшесі 76.

Конкурстық өтінім конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген сағат пен күннен кешіктірілмей жіберіледі. Кешігу себептеріне карамастан, конкурстық өтінімдерді беру мерзімі өткеннен кейін келіп түскен конкурстық өтінім каралмайды.